

№39 (20 904)
2 қазан,
2025 жыл, бейсенбі



Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

@ Atyrau.gazeti
atyrau_gazeti@mail.ru
Атырау газеті
www.atr.kz
«Атырау» газеті
atyrau_gazeti
Атырау_news
Атырау жаңалықтары

* Қазанның алғашқы жексенбісі – Мұғалімдер күні

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗДЫҢ МЕРЕЙІ



ҰСТАЗДАР КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ АРНАЙЫ МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ, РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ОҢТҮСТІК ФЕДЕРАЛДЫ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ (РОСТОВ-НА-ДОНУ) МАГИСТРІ ЛӘЗЗАТ ТӨЛЕПОВА «ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ. НАГРАДАНЫ ҰСТАЗ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚОЛЫНАН АЛДЫ.

Білім саласында 33 жылдық тәжірибесі бар Ләззат Жайшылыққызы еңбек жолын 1992 жылы Атырау қаласындағы Г.Мүсірепов атындағы №5 орта мектебінде педагог-психолог болып бастаған. Кейіннен түрлі қызметтерде жасайды. 2021 жылдың қыркүйек айынан бастап «Атырау облыстық арнайы мектеп-интернаты» КММ директоры қызметін абыроймен атқарып келеді. Ол – тәжірибелі бірінші санатты басшы, педагог-психолог, дефектолог-олигофренопедагог.

Кәсіби қызметінде Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатын, «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісі, сондай-ақ облыстық әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен өткен «Үздік әдіскер – 2021» байқауының Бас жүлдесін иеленген. Сонымен бірге оның ғылыми мақалалары республикалық басылымдар мен

жинақтарда жарияланған, бірнеше қолданбалы курстың авторы.

Оның басшылығымен 2022–2025 жылдар аралығында мектеп-интернаттың материалдық-техникалық базасы жаңартылып, заманауи физика, химия, биология, тарих, география, дене тәрбиесі, бейнелеу өнері, музыка және технология пәні кабинеттері толық жабдықталды. Логопед кабинеті мен сенсорлық бөлме жаңа оқу құралдарымен қамтамасыз етілді, мектеп жатақханасы жиһазбен толық жаңартылды. Бұл жұмыстар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сапалы білім алуына барынша жағдай жасауға бағытталды.

– Бұл марапат – ең алдымен ұжым еңбегінің бағалануы. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қоғамға бейімдеу – үлкен жауапкершілікті талап ететін сала. Осылайша еңбегіміздің еленгені – мен үшін зор қуаныш. Бұл кәсіби қызметіме деген құштарлықты одан әрі оятып, жаңа ізденістерге жол бастайды. Жас мамандарға айтарым – шәкірттің жүрегіне жол тауып, білім нәрін себе білу – болашаққа салынған ең үлкен инвестиция. Осы жолда әр педагог табандылықпен еңбек ете берсін дегім келеді. Барша ұстаз қауымын келе жатқан кәсіби мерекемен құттықтаймын, – деді Ләззат Жайшылыққызы.

Алтыншаш ҚҰРМАШЕВА

Жаңа жоба

КАСПИЙ кетті тартылып...



КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ТАРТЫЛУЫ ТЕК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЕМЕС, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ ДЕ ӨЗЕКТІ БОЛЫП ОТЫР. БҰЛАЖАҚАЙ ҚОҒАМНЫҢ АЛАҢДАУШЫЛЫҒЫН КҮШЕЙТТІ. ЖУЫРДА ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ ОБЛЫС ШЕКАРАСЫНДА ОРНАЛАСҚАН КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ТАБАНЫНА БАРЫП, ОНДАҒЫ ЖАҒДАЙҒА АЛАҢДАУШЫЛЫҚ ТАНЫТҚАН БЕЙНЕЖАЗБАСЫН ЖАРИЯЛАДЫ. БЕЙНЕЖАЗБА АВТОРЫНЫҢ АЙТУЫНША, ТЕҢІЗДІҢ ОРНЫНДА ҚАЗІР КӨЛІК ТҮГІЛІ КІСІНІ КӨТЕРЕ АЛМАЙТЫН БАТПАҚТЫ ЖЕР ҒАНА ҚАЛҒАН.

(Толығырақ 13-бетте)

Құттықтау



Қадірлі ұстаздар!

Сіздерді қазан айының алғашқы жексенбісінде тойланатын төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Ұстаз – болашаққа сүрлеу салатын ұлық істің ұйытқысы. Мұның мән-маңызы халқымыздың «Ұстазыңды атаңнан да әзиз тұт» деген даналығынан-ақ аңғарылса керек.

Адамзат оқу-білімсіз алға аяқ баспақ емес. Білімсіз даму жоқ. Ал сол ілім-білімнің дәнегін сеуіп, ұрпақ тәрбиесінің ұпайын түгендейтін ұлағатты ұстаздар қай кезде де гиззат-құрметке лайық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын нығайтуға, қоғамдағы беделін арттырып, мәртебесін көтеруге айрықша назар аударып келеді. Тамыз конференциясында сөйлеген сөзінде «Педагог мәртебесі туралы» Заңға ұстаз құқығын қорғау жөнінде өзгерістер енгізуді ұсынуы – соның бір дәлелі.

Білім саласына қойылатын талап та күшейіп келеді. Өңірде сол үдеден шығып, бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде ой жарыстыра алатын озат оқушыларды баптап жүрген тәжірибелі, жаңашыл ұстаздарды лайым мақтан тұтамыз.

Құрметті ұстаздар!

Сіздерге мызғымас саулық, жарқын идеялар мен жетістіктер тілеймін. Отбасыларыңыз аман, мерейді үстем етер білімді шәкірттер көп болсын. Мереке құтты болсын!



Қадірлі қариялар! Құрметті ардагерлер!

Сіздерді 1 қазан – Қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Ұрпақ игілігі үшін тер төгіп, жас буынның жолына бағдар болған ардақты қарияларымыз ұлықталатын бұл мерекенің ұлағаты мол.

Қартының батасын алмай, іс бастамаған, алдынан кесе көлденең жүрмеген, дәйім пәтуасына құлақ асқан дана халқымыз үшін үлкеннің өзі қадірлі, сөзі бағалы. Бұл таным мемлекеттік саясатта да құндылығын жоймай, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен зейнеткерлердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға, белсенді ұзақ өмір сүруіне жағдай жасауға бағытталған бағдарламалар іске асып келеді.

Қадірменді қариялар, ақсақал аталар мен ақ жасулықты әжелер! Сіздер – бүгінге сүрлеу салған, кешегіден түйгенді ертеңге сабақ қылған ақылшы һәм тілекшісіздер.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде, ұлтты ұйытып, бірлікке бастауда аға буынға иек артатынын айтты. Ұлт мүддесін көксейтін істе ұрпақтар сабақтастығы маңызды.

Сіздерді мерекемен құттықтай отырып, баршаңызға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасының амандығын тілеймін. Ұрпақ қызығына кенеліп, ғасыр жасаңыздар!

Құрметпен,
Серік ШӘПКЕНОВ,
Атырау облысының әкімі



1 қазан – Халықаралық қарттар күні

Атырауда ғасыр жасаған 12 адам бар

Бүгінде Қазақстанда 100 жастан асқан 448 адам тұрады екен. Ал еліміздің ең қарты Ұлытау облысының тұрғыны болып шықты. Қазірде оның жасы 115-ке жеткен. Жыл сайын қазан айының 1-інде атап өтілетін Халықаралық қарттар күнінде ғұмырының саналы бөлігінде еліне еселі еңбек еткен алдыңғы толқын – аға буын өкілдеріне құрмет көрсетіп, жәрдемдесу, жан-жақты қолдау игі дәстүрге айналған.

Ұлттық статистика бюросының дерегінше, бүгінде Атырау облысы тұрғындарының саны 710,8 мыңға жеткен. Бұлардың арасында 91 мыңы – зейнет жасындағылар (алпыс және одан асқан). 60-64 жас арасындағылар – 30,1 мың, 65 – 69 жастағылар – 21,5 мың, 70-74 жастағылар – 13 мың. Одан әрі айтсақ, 75-79 жас арасындағылар – 6,6 мың, 80-84-тегілер – 3,1 мың, 85-89 жастағылар – 2,3 мың. Сондай-ақ 90-94 жаста – 542, 95-99-да – 156, ал 100-ден жоғары – 12 адам бар екен.

Жоғарыда келтірілген деректерге қарағанда, өңіріміздегі егде жастағы адамдардың үлес салмағы жалпы облыс тұрғындарының 13 пайызын құрайды.

Дәулетқали АРУЕВ

